



Бекітемін:
Мектеп директоры
Ә.Сағындықов

А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектептің 2023–2024 оқу жылында кәмілетке толмағандар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу іс – шарасының ЖОСПАРЫ

| Тақырыбы | Мерзімі | Түрі | Сыныптар | Жауаптылар |
|--|-----------|---|------------------------------|---|
| Қыз баланың бой жетуі | Қыркүйек | Әңгімелеу Кеңестер беру. | 7-11 | Психолог Бестік одақ мүшелері |
| Қыз балалардың жеке бәс гигиенасы | Қазан | Дәріс Слайдтар, бейнероликтер Сауалнама | 5-8 | Психолог Бестік одақ мүшелері |
| Қазақ ұлттық психологиясындағы қыз баланың тәрбиесі | Қараша | Баяндама, бейнероликтер | Ата-аналар Пән мұғалімдер | Психолог Бестік одақ мүшелері, Әйелдер кеңесінің төрайымы |
| Қыз бен ұлдың арасындағы достық | Желтоқсан | Дәріс Әңгімелеу, бейнероликтер | 5-8 | Психолог Бестік одақ мүшелері |
| Ерте жыныстық қарым – қатынасқа түсудің зияны. От басып қалмашы, қазақ қызы! | Қаңтар | Дәріс Сауалнама | 8-11 | Психолог Бестік одақ мүшелері |
| Жыныстық қарым-қатынас арқылы жұғатын жұқпалы аурулар | Ақпан | Дәріс Слайдтар | 8-11 | Медбике Бестік одақ мүшелері |
| Әдемі тырнақ. Кім кино мәдениеті | Наурыз | Слайдтар Әңгімелеу, бейнероликтер | 5-7 5-11 | Психолог Бестік одақ мүшелері |
| Зиянды әдеттер | Сәуір | Сауалнама, бейнероликтер | 4-7 | Психолог Бестік одақ мүшелері |
| «Махаббат жайында сөйлесейік» | Мамыр | Сырласу, бейнероликтері | 9-11 | Психолог Бестік одақ мүшелері |

Педагог – психологтар

Г.Жұмабаева,
М.Жамалов

«Ерте жүктіліктің қаупі қандай?»

Сауалнама

1. Сен ата-анаңмен жыныстық жетілу және жыныстық қатынас туралы сөйлестіңің бе?

- А) Иә
- Ә) Жоқ

Б) Өз жауабым _____

2. Жасөспірім қыздарды жыныстық қатынасқа ерте түсуге не итермелейді? (3 нұсқасынан артығын таңдама)

- А) Мода
- Ә) Күштеп мәжбүрлеу
- Б) Өзін тәуелсіз, еркін сезіну үшін
- В) Тыйым салғанға қарамастан әрекет ету
- Г) Құрбыларының ықпалы
- Д) Жасөспірімдік ташықтық сезім

3. Ерте жүктілік туралы білесің бе?

- А) Иә
- Ә) Жоқ
- Б) Білмеймін

4. Төменде көрсетілген жас аралықтарының қайсысы ерте жүктілікке жатады?

- А) 14-16 жас
- Б) 17-18 жас
- В) 19-20 жас

5. Ерте жүктілік қауіпті ме?

- А) Иә
- Ә) Жоқ
- Б) Білмеймін
- В) Өз жауабым _____

6. Жыныстық қатынасқа түскенде ерте жүктіліктен қалай сақтануға болатынын білесің бе?

- А) Иә
- Ә) Жоқ
- Б) Білмеймін
- В) Өз жауабым _____

7. Жүктілік кезінде болатын белгілерді білесің бе?

- А) Иә
- Ә) Жоқ
- Б) Білмеймін

8. Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жеткіліксіз болуынан деп есептейсің бе?

- А) Иә
- Ә) Жоқ
- Б) Білмеймін

9. Жыныстық қатынас арқылы берілетін қандай жұқпалы ауруларды білесің?

білмеймін

Ерте жүктіліктің алдын алуда сауалнама жүргізілгендігі туралы анықтама.

Мақсаты: ерте жүктілік туралы түсініктерін анықтап, ерте жүктіліктің алдын алу;

Жүргізілген күні: 18.10.2023 ж

Контингент: «Сырласу» қыздар ұйымы

Қатысқаны: 6 қыз бала

Сауалнама жүргізуші: педагог- психолог Жұмабаева .Г.З

Сауалнама қорытындысы:

| № | Сауалнама сұрақтары | Жауаптары | Саны |
|---|---|---|-------------|
| 1 | Сен ата-анаңмен жыныстық жетілу және жыныстық қатынас туралы сөйлестіңі бе? | А) Иә Ә) Жоқ Б) Өз жауабың | 1 5 |
| 2 | Жасөспірім қыздарды жыныстық қатынасқа ерте түсуге не итермелейді? (3 нұсқасынан артығын таңдама) | А)Мода Ә)Күштеп мәжбүрлеу Б)Өзін тәуелсіз,еркін сезіну үшін В)Тығым салғанға қарамастан әрекет ету Г)Құрбыларының ықпалы Д)Жасөспірімдік тапшықтық сезім | 1 5 1 |
| 3 | Ерте жүктілік туралы білесің бе? | А) Иә Ә) Жоқ Б) Білмеймін | 1 5 |
| 4 | Төменде көрсетілген жас аралықтарының қайсысы ерте жүктілікке жатады? | А)14-16 жас Б)17-18 жас В)19-20 жас | 5 2 |
| 5 | Ерте жүктілік қауіпті ме? | А) Иә Ә) Жоқ Б) Білмеймін В)Өз жауабың | 5 1 |
| 6 | Жыныстық қатынасқа түскенде ерте жүктіліктен қалай сақтануға болатынын білесің бе? | А) Иә Ә) Жоқ Б) Білмеймін В) Өз жауабым | 5 1 |
| 7 | Жүктілік кезінде болатын белгілерді білесің бе? | А) Иә Ә) Жоқ Б) Білмеймін | 4 2 |
| 8 | Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жеткіліксіз болуынан деп есептейсің бе? | А) Иә Ә) Жоқ Б) Білмеймін | 2 2 2 |
| 9 | Жыныстық қатынас арқылы берілетін қандай жұқпалы ауруларды білесің? | Жоқ ЖҚТБ Білмеймін | 2 1 1 |

Ұсыныс: сынып жетекшіге, психологқа

- Ерте жүктіліктің алдын алуда ата- аналарға, қыздарға жан- жақты түсінік жұмысы бағытында 2с- шаралар жүргізу;

«А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Кәмелетке толмаған 8-9-10-11 сынып қыздары арасында жүргізілген «Жыныстық қатынастан берілетін аурулар, жүктілікті болдырмау-контрацепция жолдарының» алдын алу мақсатында жүргізілген анонимдік сауалнаманың қорытындысы

2023 оқу жылы

8-9-10-11 сынып қыздарының жалпы саны: 57

Зерттеуге қатысқан оқушы саны: 57

Зерттеуге қатысқан оқушының жас аралығы: 14-15-16

| № | Сұрақ | Жауабы | Пайызы |
|---|---|---|-------------------------|
| 1 | Қыз балалар үшін жеке бас тазалығы және «қыз абыройы» дегенді қалай түсінесіз? | Өз ойлары: 1. Гигиеналық тазалыққа көп көңіл бөлу. 2. Өзін-өзі төмен санамау. 3. Өз абыройын талқатпау, төмендетпеу т.б | |
| 2 | Сен сезімталдыққа жақының ба? а/ ия б/ жоқ в/ өз жауабы | 20 27 10 | 35% 47% 17% |
| 3 | Ерте жүктіліктің себебі неде деп ойлайсыз? | 1. Ата-ананың дұрыс қадағаламауынан. 2. Қыз баланың тәрбиесі өзіне байланысты. 3. Қысқа киімдер киіп жүруінен т.б | |
| 4 | Жыныстық қатынас арқылы берілетін ауру түрлерін білесіз бе? а/ ия б/ жоқ в/ өз жауабы | 10 35 12 | 17% 61% 21% |
| 5 | Сіз жыныстық тәрбие туралы кімнен білгіңіз келеді? а/ анадан б/ ғаламтордан в/ сынып жетекшісінен г/ психологтан д/ өз жауабы | 15 5 - 10 27 | 26% 8% 17% 47% |
| 6 | Жыныстық қатынас туралы қайдан естіп, кімнен білесіз? а/ ғаламтордағы түрлі сайттардан б/ достарымнан в/ теледидардан г/ өз жауабы /ешкімнен/ | 57 | 100% |
| 7 | Жыныстық қатынас бойынша арнайы мамандардың танымдық сабақтары және кеңесі қажет пе? а/ ия б/ жоқ в/ өз жауабы /білмеймін/ | 32 25 | 56% 43% |

Педагог-психолог:  Г. Жұмбаспа

**«А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

**Педагог-психологтардың 8-9-10-11 сыныптарындағы қыз балалар
арасында «Жыныстық қатынастан берілетін аурулар, жүктілікті
болдырмау-контрацепция жолдарының» алдын алу мақсатында
жүргізген анонимдік сауалнаманың тренингтің**

Хаттамасы

29.09.2023

Қазақтың қызы –қазақтай ұлттың айнасы. Қыз баланы қашанда дұрыс жүруі ұлттың мәртебесі. Қыз баланың тәрбиесі өте салмақты, бұл нәрсеге жеңіл көзбен қарауға мүлде болмайды. Қыз бала-өріс. Күрсақтан басталған тәрбие, жасөспірімдік шақ, бейжеткендік жаспен сабақтасып отырады. Қыз баланың тәрбиесіне келгенде алаңдататын нәрсенің шегі жоқ. Сондықтан да мектеп оқушыларының / қыз балалардың/ жасерекшелігін ескере отырып «Жыныстық қатынастан берілетін аурулар, жүктілікті болдырмау-контрацепция жолдарының» алдын алу мақсатында жүргізілген сауалнаманың қорытынды нәтижесі оң көзқараста болды.

8-9-10-11 сынып қыздарының жалпы саны: 57

Зерттеуге қатысқан оқушы саны: 57

Зерттеуге қатысқан оқушының жас аралығы: 14-15-16

Қыз балалар үшін жеке бас тазалығы және «қыз абыройы»дегенді қалай түсінесіз? деген сұраққа гигиеналық тазалыққа көп көңіл бөлу, өзін-өзі төмен санамау, өз абыройын төмендетпеу деп өз ойларын білдірген.

Ерте жүктіліктің себебі неде деп ойлайсыз? деген сұраққа ата-ананың дұрыс қадағаламауынан, қыз баланың тәрбиесі өзіне байланысты, қысқа киімдер киіп жүруінен.т.б деп жауап берілген.

Сауалнамаға жауап беру барысында қыз балалар өз ойларын ашық жеткізе білген. Жалпы сауалнаманың нәтижесі позитивті көзқарасты білдіреді.

Педагог-психолог:



Г.Жұмабаева

А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектептің «Қазақ ұлттық психологиясындағы қыз баланың тәрбиесі» мақсатында өткізілуі туралы мәлімет

Қатысқандар:

1. ДПЖО – Г.Атабаева
2. Психолог-Г.Жұмабаева
3. Медбике-Э.Жұматай
4. Шақырылғандар: мұғалімдер ата-аналар

Іс – шараның мақсаты: Жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, белсенді шығармашылық іс-әрекеттерге дайын ұлттық және әлемдік білім нәрімен сусындаған қыз балаларды тәрбиелеу.

Қазақ халқы қыз тәрбиесіне аса мән берген. «Қызым – үйде, қылығым – түзде» деген тәлімді тұжырым айтқан бабаларымыз болашақ ананың жүріс-тұрысына, әдебі мен қылығына, тәрбиесіне көңіл бөлген. Өйткені, «қыз қылығымен сүйкімді» деп түсінген.

Бәріміз ұл мен қыз өсіріп отырғаннан кейін олардың тәлім-тәрбиесіне алаңдаймыз. Осы ретте салықалы қыз тәрбиелеудің бірнеше әдебі мен тәсіліне тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Дұға жасау. Барлық пайғамбарлар Алладан салықалы ұрпақ тілеген. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз үмбетіне Жаратқан Жаббар Иемізден тәрбиелі, салықалы, құлшылығын толық орындайтын ұрпақ сұрауды үйреткен. Біз, қазақ халқы, Алладан ұлықты ұл, қылықты қыз сұраған жоралы жұртпыз.

Тәрбиелі жар таңдау. Халқымызда «Шеше көрген тон пішер» деген қанатты сөз бар. Иә, қыздың тәрбиесінде ананың алар орны ерекше. Өйткені ер азамат уақытының көп бөлігін түзде өткізеді. Ал қыздың қасында болатын, оның тәрбиесіне көңіл бөлетін адам – ана. Қыз анаға қарап өседі. Сондықтан, жар таңдауда ибалы, иманды, адамгершілігі мол, тәрбиелі қызға сөз салу – дінімізде де, дәстүрімізде де бар құндылықтар. Ілгі құламалар ұрпағының тәрбиесіне алаңдаған адам тәрбиелі жар таңдайтынын айтқан. Демек, жақсы жар таңдау – жақсы ұрпақ көбейту деген сөз.

Қыз баламен қашан да жұмсақ қарым-қатынас жасау. Бала ата-анасынан жылудық сезінбейінше, оның бойында мейірім-махаббат өспейді.

Қыз бала тәрбиесімен жүйелі түрде айналысу қажет. Аптасына бір уақытты арнау – оның тәрбиесін жүйелі қадағалауға мүмкіндік береді. Бала болған соң, теледидардан көргенін қайталайды. Бұл – бүлдіршінге тән табиғи құбылыс. Сондықтан оған ұдайы көңіл бөлген абзал. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: *«Балаға бір рет көңіл көзің, тәрбие беру – бір сағ (бір сағ – 2120 граммға тең) көлемінде садақа бергеннен де жақсы»*, – деген.

Оның қолымен қайырлы істер жасау керек. Мысалы, көшеде кетіп бара жатырмыз делік. Жол бойында қайыр сұраған қарияға, мүгедекке баланыңдың қолымен нан, ақша, т.б. беру. Болашақта мұндай қайырлы істер оның бойында қалыптасып, өмірінде көрініс табады. Отбасымен бірге науқас адамды зиярат етудің, қайырымдылық шараларға қатысудың маңызы үлкен.

Осы ретте мына бір оқиғаны айта кеткен жөн. Жуырда әлеуметтік желілерде мектеп жасындағы кішкентай қыз баланың жол жиегінде қайыр-садақа сұрап тұрған атаға садақа бергені туралы бейне таралды. Осы видеого қарасаңыз көп ой түлесіз. Өзіне берілген тиын-тебенді сөмкесінен алып, әлгі кісіге беру үлкен ерлік емес пе? Әрине, әлгі кішкентай қыз бұл тәрбиені ата-анасынан алғаны ақиқат. Баланың қолымен қайырлы амалды жасау деген сөздің мәнісі осында. Егер қыз балаға садақа беру сынды амалды үйретпегенде ол өздігінен біреуге көмектесу дегенді білмейтін еді. Бала психологиясында «кішкентай бүлдіршін көргенін істейді» деген қағида бар. Бұл қағиданы халқымыздың «Үяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген нақыл сөзімен әспеттеуге болады.

Қыз балаға сыйлық беру. Қыз бала жаратылысынан нәзік, сезімтал жан. Сыйлық кез-келген жүректі жібітеді. Сыйлық беру арқылы баланың жігерін оятып, қуанышын арттыруға болады. Хак елшісі (оған Алланың салуаты мен сәлемі болсын) сыйлық беру аламдар арасындағы сүйіспеншілік пен махаббатты оятып, мейірім мен бауырмашылдық сезімді арттыратынын айтқан. Мереке күндері, алтаның айтулы сәтінде, әсіресе, айт мейрамы, қасиетті жұма күндері отбасын қуанышқа кенелтеу, оларға сыйлық тарату – сауатты іс.

Сыйлық берудің мәні ерекше. Өйткені әкесінен сыйлық алып көрмеген қыз бала біреудің берген сыйлығынан қатты әсер алады. Психологтардың айтуынша, отбасында жылы сөз естімеген, сыйлық алып, жылулық сезінбеген қыз бала өсе келе етпенің жылы сөзі мен сыйлығынан әсер алып, соның жетегінде кетеді...